Монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2025 жыл 28 қазан **Тараз қаласы**

1. Қарау негізі:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 16-бабы 3-тармағының 26) тармақшасына сәйкес, монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысы алынған жағдайда өкілеттіктері, оның ішінде мемлекеттік органның өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында белгіленген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) бір жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден және өзі оларға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады.

2. Өтінішхат нысанасы:

Инвестициялық қызмет мәселелері бойынша консультациялық қызметі.

3. Өтінішхатта көрсетілген әлеуетті жеткізуші туралы мәліметтер:

«Zhambyl Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі *(бұдан әрі – «Zhambyl Invest» ЖШС)* БСН 100240020587.

Инвестицияларды тарту саласындағы осындай өңірлік ұйым ретінде 2025 жылғы 8 қыркүйектегі №187 Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысына сәйкес «Zhambyl Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі айқындалған.

«Zhambyl Invest» ЖШС қажетті инфрақұрылымға, инвесторлармен жұмыс істеу тәжірибесіне және өңірдің инвестициялық ахуалын терең түсінуге ие. «Zhambyl Invest» ЖШС-нің қызметі инвестициялық климатты жақсарту, инвестициялық жобаларды «бір терезе» қағидаты бойынша сүйемелдеу, отандық және шетелдік инвесторларды тарту, сондай-ақ Жамбыл облысы экономикасын дамыту үшін қолайлы жағдай жасау міндеттерін іске асыруға бағытталған. Ұйымда ағылшын, қытай, түрік және араб тілдерін меңгерген білікті мамандар жұмыс істейді, бұл шетелдік инвесторлармен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді. Бұл әсіресе Қытай Халық Республикасы, Түркия, Біріккен Араб Әмірліктері және басқа да елдердің компаниялары қатысатын жобаларды өңірде жүзеге асырумен байланысты маңызды болып табылады.

«Zhambyl Invest» ЖШС-нің қызметін қаржыландыру уәкілетті мемлекеттік органдармен шарттар жасасу арқылы жергілікті бюджет қаражаттары есебінен жүзеге асырылады. Сонымен қатар, «Zhambyl Invest» ЖШС жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерінің тиісті орындалуын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес бюджет қаражаттарын пайдалану туралы толық әрі уақтылы есептілікті ұсынуды қамтамасыз етеді.

4. Алынған нәтижелердің қысқаша сипаттамасымен қарау шеңберінде (осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес) жүргізілген іс-қимылдар тізбесі:

Мемлекеттік кәсіпорынға қатысты басқаруды жүзеге асыру бөлігінде тапсырыс берушінің өкілеттіктерін анықтау шеңберінде, Инвестицияларды тарту саласындағы осындай өңірлік ұйым ретінде 2025 жылғы 8 қыркүйектегі №187 Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысына сәйкес «Zhambyl Invest» ЖШС бекітілген. «Zhambyl Invest» ЖШС жарғысы зерделенді.

Өтінішхат материалдарындағы мәліметтерде көрсетілген, сатып алуды жүзеге асырудың мақсаты – Жамбыл облысы агроөнеркәсіптік кешен, өңдеуші өнеркәсіп және минералдық-шикізат секторы сияқты экономиканың түрлі салаларында айтарлықтай инвестициялық әлеуетке ие. Өңір дамыған көлік инфрақұрылымымен, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық ресурстық әлеуетінің байлығымен, сондай-ақ географиялық тұрғыдан тиімді орналасуымен ерекшеленеді. Осы факторлар ішкі және шетелдік инвестицияларды тартуға қолайлы жағдай жасайды. Инвестицияларды тиімді тарту және инвестициялық жобаларды іске асыру үшін инвесторларға кешенді сүйемелдеу көрсететін бірыңғай өңірлік ұйымның болуы қажет. Мұндай ұйым инвесторларды бар мүмкіндіктер мен инвестициялау шарттары туралы хабардар етіп қана қоймай, сонымен қатар инвестициялық жобаларды өтінім беруден бастап құжаттарды дайындау және нысанды пайдалануға беруге дейінгі барлық кезеңдерде толық сүйемелдеуді қамтамасыз етуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 282-1-бабына, сондай-ақ 2023 жылғы 26 маусымдағы №11-1-4/327 Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің «Инвесторлар үшін «бірыңғай терезе» ұйымдастыру қағидаларын және инвестицияларды тарту кезінде өзара іс-қимыл тәртібін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, инвестициялық қызметті сүйемелдеу және инвесторлар үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттер арнайы ұйымдарға жүктелген. Инвестициялық қызмет мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсету бойынша мемлекетке жеке кәсіпкерлік субъектілерімен көрсетілуіне қатысты заңнамалық тыйымдардың немесе шектеулердің бар-жоғы зерделенді.

Сонымен қатар, Жамбыл облысы бойынша ЭҚЖЖ-70.22.1 «Коммерциялық қызмет және басқару мәселелері бойынша кеңес беру» қызметі бойынша статистикалық бизнес-тіркелімнен жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен жеке кәсіпкерлік

түріндегі дара кәсіпкерлік субъектілерінің, филиалдарының тізбесінен ақпараттар алынды.

Бұдан басқа, https://satypalu.gov.kz/ веб-порталынан аталған қызмет түрі бойынша бәсекелестік сатып алуды жүзеге асыру тұрғысынан талдау жүргізілді.

5. Әрбір қарау кезеңі бойынша тұжырымдардың негіздемесі:

«Zhambyl Invest» ЖШС-гі 23.02.2010 жылы алғашқы тіркеуден өтті. 12.08.2025 жылға дейін «Zhambyl Invest» ЖШС-гі «Тараз «Индустриялық аймағының» Басқарушы компаниясы» атауын алды, 12.08.2025 жылы атауы өзгертілді, ал басқарушы компанияның функциялары «Тараз» ӘКК» АҚ-ға берілді. Жамбыл облысы әкімдігінің 08.09.2025 жылғы №187 қаулысына сәйкес, «Zhambyl Invest» ЖШС-гі «Инвестициялар тарту саласындағы өңірлік уәкілетті ұйым» болып белгіленді.

«Zhambyl Invest» ЖШС-нің негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- Жамбыл облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу;
- Жамбыл облысында инвестициялық ахуалды жақсарту;
- Инвестициялық жобаларды дамыту және сүйемелдеу;
- Өңірдің экспорттық әлеуетін арттыру және жергілікті өндірушілердің сыртқы нарықтарға шығуына жәрдемдесу;
- Өңірдің жағымды инвестициялық имиджін қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен, даму институттарымен және халықаралық серіктестермен өзара іс-қимыл жасау.

Қолданыстағы Жарғыға сәйкес *(«Тараз» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 8 шешімімен бекітілген)* «Zhambyl Invest» ЖШС-нің қызмет түрі:

- «Коммерциялық қызмет және басқару мәселелері бойынша консультация беру» ЭҚЖЖ-70.22.1.

6. Қорытындының қолданылу мерзімі:

Қорытынды берілген күннен бастап 1 жыл ішінде жарамды.

7. Қорытынды беру үшін негіздердің бар немесе жоқ екендігі туралы түпкілікті шешім:

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодекстің 282-1-тармағына сәйкес Инвесторлар үшін «Бір терезе» қағидаты бойынша инвестициялар тарту саласындағы ұлттық компания және инвестициялар тарту саласындағы өңірлік ұйымдар тарапынан инвесторларға жәрдем көрсетудің орталықтандырылған нысаны түсініледі. Кодекс инвесторларды сүйемелдеу және қолдау функциялары аймақтық деңгейде жүзеге асырылуы мүмкін екенін тікелей қарастырады. Сондай-ақ, инвесторлар мен кәсіпкерлер үшін мемлекеттік және өзге де қызметтерді тарту, сүйемелдеу

және ұсыну жөніндегі қызметтің тиімділігін арттыру арқылы Жамбыл облысының инвестициялық ахуалын жақсарту мақсатында, сондай-ақ, Жамбыл облысы әкімдігінің 08.09.2025 жылғы №187 «Zhambyl Invest» ЖШС инвестициялар тарту саласындағы өңірлік ұйымды айқындау туралы қаулысына сәйкес инвестициялық қызмет мәселелері бойынша консультациялық қызметі бойынша оң қорытынды берілсін.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 85-бабының 4-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту Агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті бәсекелестікті негізсіз шектеу бөлігінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштері болған кезде осы қорытындыны кері қайтарып алу құқығын өзіне қалдыратынын қосымша атап өтеміз.

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және дамыту
Агенттігінің Жамбыл облысы бойынша
департаментінің басшысы **Ж. Азимов**